



Микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесінің қызмет ету ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы. 2002 жылғы 23 желтоқсан N 510. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 6 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2158. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына! Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен енізілген өзгерістер 2004 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді, сондықтан қажет болған жағдайда "Заң" деректер базасының 5 версиясының алдыңғы редакцияларын қараңыз.

Қазақстан Республикасының аумағында есеп айырысудың қолма-қол нысанын жетілдіру және дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесінің қызмет ету ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне е н г і з і л е д і .

3. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аударым операцияларын және банктік есепшоттар жүргізуге лицензиясы бар ұйымдарға ж і б е р с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т.Жангелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Микропроцессорлық карточкалар
негізінде төлем карточкаларының
Ұлттық банкаралық жүйесінің
қызмет ету ережесін
бекіту туралы"
2002 жылғы 23 желтоқсандағы
N 510 қаулысымен бекітілген

Микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесінің қызмет ету ережесі

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "процессинг ұйымы", "процессинг ұйымымен", "процессинг ұйымының", "процессинг ұйымына", "Процессинг ұйымы" деген сөздер тиісінше "арнайы ұйым", "арнайы ұйымымен", "арнайы ұйымның", "арнайы ұйымға", "Арнайы ұйым" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

Осы Ереже микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін (бұдан әрі - жүйе) ұйымдастыру және қызмет ету тәртібін анықтайды және жүйенің төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол емес төлемдерді және қолма-қол ақшаны алуға және/немесе өзге операцияларды жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейді.

1-тарау. Негізгі ережелер

1. Жүйе осы Ережеге сәйкес жүйенің төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдық-техникалық шаралардың жиынтығын білдіреді.

2 . < * >

Ескерту: 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

Ескерту: 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

4. Осы Ережеде Қазақстан Республикасының "Төлемдер және ақша аударымдары туралы" Заңында және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1260 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын шығару және пайдалану ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 24 тамыздағы N 331 қаулысында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) күшін жою - карточканы жарамсыз деп тану және оны айналыстан алу;

2) жүйенің қатысушы банкі - жүйеде эмитенттің және/немесе эквайердің функциясын орындайтын банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Б а н к і ;

3) жүйе карточкасының ұстаушысы - жүйенің төлем карточкасын беру туралы шартқа сәйкес жүйенің төлем карточкасын пайдалану құқығы бар жеке т ұ л ғ а ;

4) жүйенің қатысушы банкінің коды - жүйеде оны бірегейлендіру үшін оған берілген жүйенің қатысушы банкінің сандық белгісі;

5) он-лайн - операция жасау сәтінде сауда терминалы мен банкоматының арнайы ұйымымен тікелей байланысы кезінде жүйенің төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдер бойынша ақпарат алмасу режимі;

6) оффлайн - арнайы ұйымы мен сауда терминалы арасында байланыс орнатпастан жүйенің төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдер бойынша ақпарат алмасу режимі;

7) дербестендіру - жүйенің төлем карточкасының интегральды микросхемасында осындай ақпаратты жазу және оның үстіне бірегейлендіру жазбасын түсіру арқылы оның иесін және/немесе эмитентін бірегейлендіретін ақпаратты жүйенің төлем карточкасына беру процесі;

8) жүйенің төлем карточкасы (бұдан әрі - жүйенің карточкасы) - жүйенің қатысушы банкі шығарған және Қазақстан Республикасының заңдарында және/немесе жүйеде белгіленген операцияларды жүзеге асыру мақсатында жүйеде қолданылатын төлем карточкасы;

9) кәсіпкер - тауарлары мен қызметінің ақысын төлеу үшін жүйе карточкасын қабылдауға құқығы бар заңды тұлға немесе заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға;

10) сауда терминалы - жүйенің карточкасын пайдалана отырып тауарлар мен қызметтің ақысына ақша аударуға және қолма-қол ақша алуға болатын электрондық механикалық қондырғы;

11) стоп-парақ - пайдалануға тыйым салынған жүйе карточкаларының тізімі;

12) жүйенің шоты - арнайы ұйымының клиринг нәтижелері бойынша уақтылы және үздіксіз ақша аударуды жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жүйенің қатысушы банктерінің ақшасын есептеуге арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) шоты;

12-1) арнайы ұйым - жүйенің қатысушы банктері жүйе шеңберінде банкаралық төлемдердің процессингін және клирингін жүзеге асыру мақсатында құрған және жүйенің қызмет етуіне басқаруды қамтамасыз ететін процессинг ұйымы ;

13) жүйенің қатысушылары - жасалған шарттарға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүйе шеңберінде құқықтар мен міндеттері туындайтын заңды және жеке тұлғалар;

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер және толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 370 қаулысымен , 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

2-тарау. Жүйені ұйымдастырудың және қызмет етуінің құқықтық негізі

5. Жүйенің ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің құқықтық негізін осы Ереже , Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ жүйенің қатысушылары арасында жасалатын шарттар қамтамасыз етеді.

6 . < * >

Ескерту: 6-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

7. Жүйенің қатысушы банкі мен арнайы ұйымы арасындағы шарт мынадай міндетті талаптардан тұруы тиіс:

1) жүйенің қатысушы банктері мен арнайы ұйымының құқықтары мен міндеттері ;

2) төлем құжаттарын айырбастау тәсілі мен тәртібі және төлемдер туралы өзге ақпарат ;

3) ақпарат қауіпсіздігі режимін сақтауға және банктік құпияны сақтауға қойылатын талаптар ;

4) жүйенің карточкасын пайдалана отырып жүзеге асырылған клиринг төлемдері нәтижелері бойынша ақша аудару мерзімі мен тәсілдері;

5) жүйенің карточкасын шығару және қайта шығару, сондай-ақ оларды оқшаулау және күшін жою талаптары;

6) жүйенің қатысушы банкі мен арнайы ұйымының шарт талаптарын орындамағаны үшін жауаптылығы;

7) жүйенің карточкасын пайдалана отырып жүзеге асырылған төлемдерге байланысты даулы жағдайларды шешу рәсімі;

8) шартты бұзу және шарт талаптарын өзгерту тәртібі.
арнайы ұйымы мен жүйенің қатысушы банкі арасындағы шартта Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де қосымша талаптар көзделуі мүмкін.

Ескерту: 7-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 370 қаулысымен .

8. Жүйенің қатысушы банктері өз клиенттеріне (жүйенің карточкаларын ұстаушыларына және кәсіпкерлерге) қатысты қаржы-экономикалық саясатты және жүйе карточкасын шығару көлемін дербес анықтайды.

9. Арнайы ұйымы Ұлттық Банкке жүйенің карточкасын пайдалана отырып төлемдерді және ақша аударуды жүзеге асыруға байланысты операциялар туралы ақпаратты Ұлттық Банк белгілеген нысандар және мерзім бойынша ұсынады.

3-тарау. Арнайы ұйымы

10. Жүйенің шеңберінде арнайы ұйымына мынадай функцияларды жүзеге асыру жүктеледі:

1) жүйенің карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыру кезінде қалыптасатын төлем құжаттарын қабылдау және өңдеу;

2) жүйенің карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған төлемдердің банкаралық клирингін жүзеге асыру және жүйенің қатысушы банктерінің таза позициялары туралы ақпаратты банкаралық ақша аудару жүйесіндегі клиринг нәтижелері бойынша ақша аударуды жүзеге асыру үшін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - орталық) беру;

3) жүйенің қатысушы банктеріне шығаруға дайын тұрған төлем карточкаларын дербестендіру және беру;

4) жүйе шеңберінде айналыстағы төлем карточкаларын тіркеу және есепке алу ;

5) стоп-парақты қалыптастыру және тарату;

6) екінші деңгейдегі банктермен және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдармен (бұдан әрі - банк) жүйеге кіру мәселелері бойынша өзара әрекетті қамтамасыз ету;

7) жүйе қатысушыларының өзара әрекетін техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

8) мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен бірлескен жобаларды

- жүйенің базасында іске асыру;
- 9) жүйеде хабарламалардың үздіксіз және тәулік бойы қабылдануы мен өңделуін қамтамасыз ету;
- 10) жүйенің қызмет етуіне қатысты нормативтік құқықтық ақпаратты қалыптастыру және тарату;
- 11) жүйенің қатысушы банктерінің анықтамалығын жүргізу;
- 12) жүйенің қауіпсіз қызмет етуін, жүйенің қауіпсіз қызмет етуіне қолдау көрсету жөніндегі талаптарды әзірлеуді және жүйенің қатысушы-банктеріне дейін жеткізуді қамтамасыз ету;
- 13) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функциялар.

4-тарау. Жүйенің қатысушы банктері

11. Жүйенің қатысушы банктері арасындағы өзара қатынас осы Ережемен және жүйе шеңберінде жасалған шарттармен реттеледі.

12. Жүйенің қатысушы банктері жүйе шеңберінде жүзеге асырылатын операциялар бойынша бір-біріне төлейтін комиссиялық сыйақысының мөлшері жүйе шеңберінде қолданылатын тарифтік келісіммен белгіленеді.

13. Жүйе шеңберінде экваер болып табылатын банк мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:

1) кәсіпкерлермен тауарлардың, жұмыстың және қызметтің ақысын төлеу кезінде жүйенің карточкасын қабылдау туралы шарттар жасау;

2) осы кәсіпкерде тауарларды, жұмысты және қызметті жүйенің карточкаларын пайдалана отырып іске асыру жүріп жатқандығын көрсететін ақпараттық материалдарды кәсіпкерде орналастыру;

3) кәсіпкерлердің банктік шоттарын жүргізу;

4) төлем карточкаларын (төлем құжаттарын) пайдалана отырып жүзеге асырылған операциялар туралы кәсіпкерлерден түскен ақпаратты жинау және өңдеу;

5) жаңартылған стоп-парақтарды кәсіпкерлерге тарату;

6) басқа жүйенің қатысушы банктерінің клиенттері болып табылатын жүйенің карточкаларын ұстаушылар жасаған төлемдер бойынша төлем құжаттарын арнайы ұйымға беру;

7) жүйенің жұмыс технологиясына сәйкес арнайы ұйымымен ақпарат алмасу;

8) сауда терминалдарын және банкоматтарды орнату және қызмет көрсету;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функциялар.

14. Жүйенің шеңберінде эмитент мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:

1) жүйенің карточкаларын шығару;

2) карт-шоттарды жүргізу;

3) арнай ұйымдарына жүйе карточкаларының деректемелерін стоп-параққа енгізуге өтінішті қалыптастыру және беру;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функциялар.

15. Жүйеден шығу жүйенің қатысушы банкінің мынадай міндетті талаптарды сақтау талабымен жүйеден өз еркімен шығу туралы жазбаша өтінішінің негізінде жүзеге асырылады :

1) арнайы ұйымына болжанған шығуға дейін кем дегенде бір ай бұрын жүйеден шығу туралы жазбаша өтінішті жіберу;

2) жүйеден шығу туралы хабарламаны кем дегенде екі республикалық газетке жариялау ;

3) жүйе қатысушыларының және арнайы ұйымы алдындағы жүйенің карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырған операциялар бойынша барлық берешегін өтеу ;

4) алынып тасталды ;

5) жүйенің шеңберінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жарияламауға міндеттеме алу.

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 370 қаулысымен .

16. Қатысушы банкті жүйеден шығару мына негіздердің кез келгені бойынша жүзеге асырылады :

1) жүйенің қызмет ету ережесін жүйелі түрде (он екі күнтізбелік сабақтас ай ішінде үш немесе одан да көп) бұзу;

2) жүйенің қатысушылары алдындағы шарттық міндеттемелерін жүйелі түрде (соңғы жиырма күнтізбелік ай ішінде үш және одан да көп рет) дұрыс орындамауы ;

3) жүйенің қатысушы банкіндегі банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның күшін жою ;

4) соттың банк қызметін тоқтату туралы шешім қабылдауы;

5) банктің өз қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдауы;

6) жүйенің қатысушы банкін банкаралық ақша аудару жүйесін пайдаланушы мәртебесінен айыру.

17. Мынадай :

1) жүйенің қатысушы банкі карточкалар жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырған төлемдер бойынша міндеттемелерін орындай алмаған және/немесе бастартқан ;

2) банк операцияларын жүргізуге лицензияны Ұлттық Банк тоқтата тұрған;

3) жүйенің қатысушы банкінің Ұлттық Банкте және банкаралық ақша аудару жүйесінде ашылған корреспонденттік шоты бойынша оның шығыс

операциялары заңдарда және шарттарда көзделген тәртіппен және талаптармен тоқтатыла тұрған жағдайларда;

4) жүйенің қатысушы банктері келіскен өзге де негіздер бойынша жүйенің қатысушысы банктің жүйеге қатысуы тоқтатыла тұруы мүмкін.

18. Жүйеден шыққан не шығарылған күннен бастап жүйенің интеллектуалды меншік объектілерін (логотип, тауар белгісі және басқалары) пайдалануға банктің құқығы жоқ және банктер мен олардың клиенттері арасында жасалған шарттарда айқындалған мерзімдерде және тәртіппен өзінің клиенттерін жүйеден шығу туралы уақтылы хабарлауға тиісті.

19. Жүйенің қатысушы банкі жүйеден шыққан немесе шығарылған кезде оның коды стоп-параққа енгізіледі.

20. Жүйенің қатысушылары банктер өздерінің функцияларын орындау барысында алынған, жүйенің кез келген қатысушысының коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етпеуге міндеттеме қабылдайды.

5-тарау. Жүйенің карточкаларын шығару және алып қою тәртібі

21. Жүйенің карточкаларын шығаруды жүйенің қатысушылары банктер Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасындағы төлем карточкаларының айналысын реттейтін нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

22. Жүйенің карточкаларын басқа төлем карточкаларының жүйелерімен, оның ішінде магнитті жолағы бар төлем карточкаларын пайдалануға негізделген жүйелермен үйлестіруге жол беріледі.

23. Жүйенің карточкалары төлемдерді жүзеге асыруға және қолма-қол ақшаны алуға байланысты емес функцияларды орындай алады. Төлемдерді жүзеге асыруға және қолма-қол ақшаны алуға байланысты емес функцияларды жүйенің карточкаларын пайдалана отырып орындау жүйенің қатысушылары арасында жасалған тиісті шарттарда келісіледі.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 370 қаулысымен .

24. Жүйенің карточкаларын оның ұстаушыларынан алып қою эмитент және ұстаушылар арасында жасалған шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Алынып қойған карточка жойылады.

5-1 тарау. Жүйеге қойылатын жалпы талаптар

Ескерту: 5-1-тарауымен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

24-1. Жүйе карточкаларының бет жағында жүйенің логотипі бар және оны жүйенің барлық қатысушы банктері қызмет көрсету үшін қабылдайды. Жүйенің логотипін арнайы ұйым әзірлейді және бекітеді.

24-2. Жүйеде қолданылатын ақпаратты берудің форматтарын, жүйенің ерекше нұсқамалары мен өзге де стандарттарын арнайы ұйым әзірлеп бекітеді және оны жүйенің барлық қатысушылары сақтайды.

6-тарау. Төлемдерді жүйенің карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асыру тәртібі

25. Жүйедегі барлық төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүзеге асырылады.

26. Жүйенің карточкаларын ұстаушылардың карт-шоттары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен және сол сияқты шетел валютасымен жүргізіледі.

27. Жүйенің карточкаларын пайдалана отырып төлемдер жасау Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасындағы төлем карточкаларының айналысын реттейтін нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

28. Егер осы ережеде өзгеше белгіленбесе, жүйедегі төлем құжаттарын өткізу және қабылдау электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

2 9 . < * >

Ескерту: 29-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

30. Жүйенің карточкаларын пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру офф-лайн режимінде және сол сияқты он-лайн режимінде жүзеге асырылады.

31. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылған төлемдер бойынша процессингті және/немесе жүйенің карточкаларын пайдалана отырып банкаралық төлемдердің клирингін жүйенің қатысушы банкі және арнайы ұйым арасында жасалған шартқа сәйкес арнайы ұйым жүргізеді.

Ескерту: 31-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

32. Жүйенің карточкаларын пайдалана отырып тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер үшін ақы төлеу төлем сомасы үшін берілген сауда чегінің екі данасымен расталуы тиіс. Сауда чегінің бірінші данасы кәсіпкерде қалады, екіншісі жүйенің карточкасын ұстаушыға беріледі.

33. Кәсіпкер жүйенің карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған төлемдер бойынша барлық төлем құжаттарын эквайерге электрондық түрде береді. Төлем құжаттарын электрондық түрде беруге мүмкіндік болмаған жағдайда кәсіпкер жүйенің карточкаларын пайдалана отырып онда жүзеге

асырылған барлық төлемдер бойынша сауда чектерін эквайерге береді, олардың негізінде эквайер төлем құжаттарын қалыптастырады.

34. Осы эквайердің клиенттері болып табылмайтын жүйенің карточкаларын ұстаушылары жасаған төлемдер бойынша кәсіпкерден алынған барлық төлем құжаттары өңдеу және жүйенің қатысушылары банктер арасында төлемдер мен ақша аударуды жүзеге асыру үшін процессинг орталығына өткізіледі.

34-1. Резидент еместер эмиссиялаған төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялар бойынша төлемдерді, сондай-ақ жүйенің карточкаларын пайдалана отырып Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жасалған операциялар бойынша жүйенің қатысушы банктерінің атына халықаралық төлем жүйелерінен түскен төлемдерді арнайы ұйым қабылдайды әрі өңдейді.

Ескерту: 34-1-тармағымен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

35. Процессинг орталығы алған төлем құжаттары көп жақты клиринг негізінде өңделеді және таза позициялар клиринг нәтижесі бойынша банкаралық ақша аудару жүйесінде ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін орталыққа әрбір жүйенің қатысушы банкі бойынша беріледі.

36. Клиринг нәтижесі бойынша ақша аударуды уақтылы жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында жүйенің қатысушысы банк күн сайын жүйенің шотында төмендетілмейтін қалдық ретінде осы Ереженің 39-тармағына сәйкес айқындалатын мөлшерде ақша сомасын қамтамасыз етуі тиіс.

37. Дебеттік таза позициясы бар жүйенің қатысушы банкінде клирингтің нәтижесі бойынша банкаралық ақша аудару жүйесінде ақша аударуды жүзеге асыру үшін ақша жоқ болған немесе жетпеген жағдайда, арнайы ұйымы жүйенің шотынан жүйенің қатысушысы банктің банкаралық ақша аудару жүйесіндегі позициясына осы жүйенің қатысушысы банктің дебеттік таза позициясына сәйкес ақша аударуды жүзеге асыруға қажетті ақша сомасының шегінде, жүйенің қатысушысы банк пен процессинг орталығы арасында жасалған шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде ақша аудару туралы нұсқау беруге құқылы.

38. Жүйенің қатысушы банкінің міндеттемелерін орындау үшін ақшаның төмендетілмейтін қалдығы пайдаланылған жағдайда жүйенің қатысушысы банк ақшаның төмендетілмейтін қалдығы пайдаланылған күннен кейінгі күннен кешіктірмей жүйенің шотындағы төмендетілмейтін қалдықтың қажетті сомасын қалпына келтіруі тиіс. Жүйенің қатысушысы банк төмендетілмейтін қалдықты қамтамасыз етпеген жағдайда процессинг орталығы осы жүйенің қатысушысы банктің кодын операциялық күн аяқталғаннан кейін стоп-параққа енгізуге

құқылы. Жүйенің қатысушысы банктің кодын процессинг орталығы жүйенің қатысушы банкі ақшаның төмендетілмейтін қалдығын қалпына келтіргеннен кейін бірден стоп-парақтан жояды.

39. Әрбір жүйенің қатысушы банкі үшін ақшаның төмендетілмейтін қалдығын қажетті сомасының мөлшерін процессинг орталығы есепті айдан кейінгі айдың 5-нен кешіктірмей, осы жүйенің қатысушы банкі басқа жүйенің қатысушылары банктерінің желісінде өткен айда шығарған жүйенің карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген төлемдердің орташа көлеміне қатысты айқындайды және осы көлемнің он процентінен кем болмауы тиіс. Егер төмендетілмейтін қалдықтың мөлшері ұлғаю жағына қарай түзетілген жағдайда, жүйенің қатысушысы банк процессинг орталығынан төмендетілмейтін қалдықтың мөлшерін өзгерту туралы хабарлама алынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жүйенің шотындағы өзінің позициясын процессинг орталығы есептеген мөлшерге дейін толықтырады және ағымдағы ай ішінде көрсетілген мөлшерде ұстап тұрады.

40. Ақша аудару аяқталғаннан кейін, келесі операциялық күн басталғанға дейін процессинг орталығы жүйенің қатысушылары банктерге клирингте өңделген төлем құжаттары туралы ақпарат және жүйенің қатысушысы банктің таза позициясы туралы ақпарат бар түпкілікті үзінді-көшірме береді. Эмитенттерге жүйенің карточкаларын ұстаушылармен өзара есеп айырысуды жүзеге асыру үшін осы эмитент шығарған жүйенің карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялар бойынша барлық төлем құжаттары да жіберіледі.

41. Процессинг орталығы және жүйенің қатысушылары банктер барлық жөнелтілген және алынған төлем құжаттарының, сондай-ақ олардың алынғаны туралы хабарламалардың есебін жүргізуді және бақылауды олардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес электрондық және қағаздағы көшірмелерін сақтау арқылы жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

4 2 . < * >

Ескерту: 42-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

43. Жүйенің карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялар бойынша даулы жағдай туындаған кезде жүйенің қатысушысы банк оны реттеуге процессинг орталығының қатысуының қажеттілігі туралы жазбаша хабарлама жіберуге құқылы. Жүйенің қатысушысы банктің хабарламасында мынадай мәліметтер көзделуі тиіс: карточканың нөмірі, карточка ұстаушының аты-жөні, операция жасалған күні, кәсіпкер немесе қызмет көрсету пункті туралы деректер, операция сомасы және эквайердің бірегейлендіру нөмірі, сондай-ақ даулы жағдайдың мәні.

44. Жүйе қатысушыларының арасында даулы жағдайлар туындаған кезде транзакцияны немесе өзге төлем құжатын жүзеге асыру кезінде сауда терминалы/банкоматы берген сауда чегі төлемнің шынайылығын растайды.

45. Төлемдерді және ақша аударуды дұрыс немесе уақтылы жүзеге асырмағаны үшін жауапкершілік, жүйенің қатысушыларына келтірілген зиянды өтеудің тәртібі мен талаптары жүйенің қатысушылары арасында жасалған тиісті шарттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде айқындалады.

7-тарау. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

46. Электрондық хабарлармен алмасу жөніндегі рәсімдерді арнайы ұйымы белгілейді және процессинг орталығы мен жүйенің қатысушысы банк арасында жасалған шартта белгіленген мерзімдерде жүйенің қатысушылары банктерге жеткізіледі.

47. Электрондық хабарды қалыптастыру және беру кезінде процессинг орталығы мен жүйенің қатысушы банкі олардың арасында жасалған бағдарламалық-криптографиялық қорғауды және электронды сандық қол қоюды пайдалану туралы келісімде белгіленген қорғаныш әрекеттерінің тәртібін сақтайды.

48. Қорғаныш әрекеттерінің тәртібі бұзылған немесе ол жария етілген жағдайда осы заң бұзушылықты анықтаған тарап бұл туралы басқа тарапқа жедел хабарлайды және салдарларын жою үшін шаралар қабылдайды.

8-тарау. Стоп-парақ

Ескерту: 8-тарау алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 371 қаулысымен .

9-тарау. Қорытынды ережелер

60. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес шешіледі.